

## **Қорғалжын ауылының мектеп-гимнзиясының 2022-2023 оқу жылының үйірмелер жұмысының жылдық есебі .**

Мектептегі үйірме жұмыстары — кластан тыс жұмыстардың күре тамыры. Мектеп оқушыларының түрлі үйірмелерге қатысуы — алғыр, батыл, өзін көпшілік алдында еркін ұстай алатын, өз ой-пікірін анық жеткізе алатын, өзіне сенімді, осынау өзгермелі заман ағымына жеңіл бейімделе алатын, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда айырықша тиімді. Нақты жоспар бойынша жасалған жұмыстар қандайда болмасын еңбек түрін, жұмыс тәсілін үйретіп, оқушыларға терең меңгертіп қана қой емес, осы іске деген үлкен құрметпен қарауға да көмегін тигізеді.

Мектеп қабырғасында оқушының үйірмеде жинақтаған іс-тәжірибесі келешек өмірінде көп пайдасын тигізері анық.

2022-2023 оқу жылындағы үйірме жұмыстарының нәтижесін көрсету мақсатында Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында және аудан көлімде «Жігер» оқушылар арасында спорттық спартакиадасы өтті. Оқушылар спартакиадасы өте жоғары деңгейде өтті. Мамыр айында қорытынды шағын концерт өтті. Концерте «Инжу» би бишілер тобының мың бұралған бишілерінің өнері көрермендерді тамсандырды жетекшісі Т.Тажина, вокал үйірмесінің жетекшілері А.Садвокасов әншілері әдемі көңіл күй сыйлады, ұйымдастыруымен концерт өтте жақсы өтті. Сахнада өнер көрсеткен жұлдыздар көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, халықтың алғысын алды. Рухани бай, терең білімді, өнерді бағалап, зерттей білетін, оны әрі қарай жалғастыра білетін, танымдық белсенділігі жоғары балаларды тәрбиелеп шығару үшін тынбай еңбек етіп жүрген ұстаздарға мың алғыс! Талантты, талапты, өнерлі оқушыларға мың алғыс!

Мектепте мектеп оқушыларының үйірмелер мен спорт секцияларында мүмкіндіктерін жүзеге асыруға және қатысуға қолайлы жағдай жасалған.

2022-2023 оқу жылына арналған үйірмелер мен спорт секцияларының жұмыс кестесі.

№	Атау	Класс	Күні	Жетекшінің жөні
1	Хореография	2-3-4 кл	Дүйсенбі,бейсенбі,жұма	Т.Тажина
2	Волейбол	8-9 кл	Дүйсенбі,бейсенбі, сейсенбі	Е.Кайдаров
3	Футбол	4-5 кл	Сәрсенбі	М.Жакенов
4	Асық ойыны	5 кл	Сейсенбі	Д.Сайлаубек
5	Үстел теннисі	7-9кл	Бейсенбі, жұма	Д.Мусин
6	Тоғызқұмалақ	7-9 кл	Дүйсенбі	А.Әубәкір

Үйірме және спорттық секциялардың сабақ жоспары қыркүйек айында тексеріліп, мектеп директорымен бекітілген. Үйірме мен секция жетекшілері жоспар бойынша жұмыстарын жүргізуде. Үйірмелердің уақтылы өтуін Күнделік kz- тің толтырылуы арқылы және WhatApp желісі арқылы берілген тапсырмалар

Жалпы оқушы саны	Үйірмеге қатысушылар саны	Секцияға қатысушылар саны
Оқу жылының басында -610	88 оқушы	350 оқушы
Пайыздық көрсеткіш- 72%	15 %	58%

арқылы бақылаймыз. Жалпы мектеп бойынша

Осы үйірмелер арқылы, оқушыларды өнерге баулып, эстетикалық талғамын дамытып, қабілеттерін арттырып, іскерлік дағдыларын қалыптастыру жолында жұмыс жүргізіп жатырмыз.